

Сабақтың тақырыбы: Қ – Ғ дыбыстарын ажырату.

Мақсаттары:

Коррекциялық – білімділігі:

1. Қ - Ғ дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау.
2. Қ –Ғ дыбыстарын буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуға, ажыратуға үйрету.
3. Сөздердегі дыбыстарды анық айтуға үйретіп, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.

Түзете – дамытушылық:

1. Мәтіндегі сөздер мен сөйлемдерді көріп, есту арқылы қабылдауға машықтандыру.
2. Мәтіннің мазмұнын түсініп, сұраққа жауап беруге дағдыландыру.

Тәрбиелілік:

1. Бір – бірінің жауабын мұқият тыңдап, кезектілікпен сөйлесуге, қойылған сұраққа толық жауап беруге баулу.

Көрнекі құралдар: дыбыстардың артикуляциялық кескіндері, айна, суреттер, үлестірімелер, мультимедия.

Сабақ барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі

- Логопедия сабағына не үшін келеміз?

2. Психологиялық жаттығу

- Мен бәрінде білемін, менің қолымнан бәрі де келеді.
- Мен сөйлеу ережесін сақтаймын.
- Мен асықпай, саспай, тынысымды дұрыс алып, анық сөйлеймін.
- Мен сұрақтарға ойланып, толық жауап беремін.
- Мен сабағымды жақсы өткізуге тырысамын.

Логопед: жарайсыңдар. Олай болса, бүгінгі сабақта дыбыстарды анық, сұрақтарға толық, терең тыныс алып, ойымызды жинақтап айтамыз.

3.Тыныс алу жаттығулары (мұрын және ауыз арқылы тыныс алуды ажырату)

- Терең тыныстап демаламыз (ауаны ішке тартамыз, сыртқа шығарамыз)
- Терең тыныс алып, (ф) дыбысын шығару
- Терең тыныс алып, мұрыннан шығару
- Терең тыныс алып, ма – мо – му – ми буынын шығару

«Қарды ұшыру» - мұрынмен терең дем алып, қолғаптағы қарды ұшыру.

4. Артикуляциялық гимнастика. «Күрекше», «Ине», «Түтікше» «Тіс тазалау», «Сылақшы», «Кесе», «Ат шауып келеді»,



5. Жаңылтпаш айту:

Қыс қатты – ақ, Қоғабай қомағай ма?

Қыспаққа - ап. Жоқ, ағай

Құс тоңып жүр, Қоғабай қомағай емес,

Қыстап қап. Зор, ағай (слайд)

- Қай дыбыстар жиі қайталанып тұр?

Бүгінгі сабақта қ және ғ дыбыстарын буындарда, сөздерде, сөйлемдерде дұрыс анық айтып, есту арқылы ажыратуға үйренеміз

6. «Қ - Ғ» дыбыстарын буындарда ажырату. «Керісінше айт» ойыны.

Мен айтамын – қа, сен айтасың – ға

Мен айтамын – қо, сен айтасың – ғо

Мен айтамын – қи, сен айтасың – ғи

Мен айтамын – қы, сен айтасың – ғы

Мен айтамын – қу , сен айтасың – ғу

Мен айтамын – құ, сен айтасың – ғұ

7. Фонематикалық қабылдауын дамыту. «Кім зейінді?» ойыны.

Кім жақсы естиді екен? Мен **Қ** мен **Ғ** дыбыстарына сөздер айтамын. Сендер сол дыбыстардың сөздің басында, ортасында, аяғында кездесуін қолдарыңдағы сандар бойынша көрсетіп анықтайсыңдар.

Мысалы: қар, жұмыртқа, қант, асық, ғарыш, тоғыз, бақа, торғай, тақта, сауысқан, бағдаршам, ғаламтор, сандық, қоржын, мұғалім, сызғыш, сабақ, шағала.

8. Тапсырма. «Қ - Ғ» дыбыстарын сөздерде ажырату.

(Сөздерді қайтала. Оқы) Сөздердің айырмашылығы неде?

Таға – тақа Ғашық – қашық Ғалам – қалам	Қамыр – ғұмыр Ғалым – қалың Қарыш – ғарыш
---	---

9. «Ойлан тап» ойыны. Торкөздерден қ- ғ дыбыстары бар сөздерді тап.

(сабақ, аққу, қағаз, сағат, аға)

С	А	Б	А	Қ	Н	О	С
А	П	К	Ц	А	В	Г	А
Ғ	У	Р	А	Ғ	О	Ш	Қ
А	Л	О	Б	А	Л	Ы	Қ
Т	Я	М	Ы	З	А	Г	У
Д	Ч	Ж	Щ	И	З	К	Н

10. «Жоғалған әріпті тап» ойыны.

(Көп нүктенің орнына қ- ғ әріптерінің бірін қойып айту)

Топыра..., тама..., қайма... ы, жоры..., қуырша.. ы, ая.., ла.. ы, қара...ай, таби...ат, қарлы...аш, ...айшы.

«Допты қағып ал» ойыны. (Сөздерді үлгі бойынша өзгертіп айту.)

Ақ – ағы оқ – оғы тақ – тағу

Бақ - ... жоқ – қақ -

Дақ - ... уық - ... жық - ...

Дыбыстық талдау: құстар – неше буын, неше дыбыс, неше әріп?

- дауысты дыбыстарды ата: ұ, а

- дауыссыз дыбыстарды ата: қ, с, т, р

- қ дыбысы қай буында?

11. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. (қ- ғ дыбыстары бар сөздерді ата)



12. Логоритмикалар айту.

Шарты: буын ұйқастан сөз құрап айту.

Ақ – ақ – ақ – қу – қу – қу – шығады «аққу»

Қар – қар – қар – ға – ға – ға – шығады «қарға»

Ға- ға –ға – қағу үшін керек балға

Ға – ға – ға – ұшып келді қарға

Ақ – ақ – ақ – өседі ағашта жаңғақ

Қа – қа – қа – таңертең жедім жұмыртқа

Қы – қы – қы – бәйгеде озды жылқы

Ық – ық – ық – жұмсақ екен жастық.

16. Сабақты қорытындылау.

Біз бүгін сабақта не істедік?

Қандай дыбыстарды ажыратуға үйрендік?

